

Тақырыбы: Қауіпсіз Интернет

Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру:

Сабақ түрі: пікірталас

Сабақ барысы: **I. Ұйымдастыру**

Оқушылармен амандасу, түгендеу.

Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстыру,

II. Негізгі бөлім.

Мұғалім сөзі:

Жылдың 11 ақпанында 100 ден астам елде Бүкіл әлемдік Қауіпсіз Интернет күнін атап өтеді. Осынау дәстүр 2004 жылдан бастау алды. Биылдан бастап, Назарбаев Университетінде алғаш рет осы маңызды маселелермен байланысты іс-шаралар өткізілді.

III. Сұрақ- жауап бөлімі:

- **Әлеуметтік желі зиян ба, пайдалы ма? Бұл желілер не үшін керек болды? Мүмкін шығарушы елдер бөтен мемлекеттердің ішкі-сырты құпияларын ұрламақ болды ма?**
- *Негізінде әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды екен. Бұл – адамдардың бір-бірімен галамтор арқылы өзара байланысын қамтамсыз ететін интернет сайт. Яғни жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы.*
- **Әлеуметтік желі деген не?**
- *Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын вебсайт қана емес, сонымен қатар өз айналасындағы адамдардың тағыда кімдермен байланыс таныс екенін білудің, сондай-ақ, сол арқылы өз таныс-білістіңді арттырудың жолы. Демек, әлеуметтік – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. Енді осы жерде «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз.*

- **Әлеуметтік желі не үшін керек?**
- *Әрине, селбесіп, араласып-құраласып өмір сүру үшін. Адам баласының табиғатында бір қасиет болса керек, біз мысалы, өзгелермен сөйлесуді, бейтаныс адамдармен танысқанды, белгілі бір тақырыпта пікір алмасқанды, үйге қонақ келгенде фото-альбомдарымызды көрсеткенді жақсы көреміз. Ал, шынайы өмірде біз мұндай әрекетті тек реті келгенде ғана жасасақ, қазіргі ақпараттық технология, әсіресе интернеттің қарыштап дамыған заманында бұл оңайлана түсті. Өйткені, біздің ұғымымызда «әлеуметтік желі», яғни «адамдардың бір-бірімен виртуалды байланыс» деген түсінік пайда болды. Демек, сіз өзіңіздің дәл қазіргі көңіл күйіңіз қандай екенін жұртқа айту үшін немесе кешегі түнде болған досыңыздың тойындағы суретті өзгелерге көрсету үшін һәм өзіңіз сүйіп тыңдайтын әншінің шығармашылығы туралы достарыңызбен еркін бөлісе аласыз. Осылайша, сіз әлеуметтік желінің мызғымас бір бөлігіне айналасыз. Тоқетері, әлеуметтік желі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін керек.*
- **Әлеуметтік желінің қанша түрі бар?**
- *Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің саны екі қолдың саусағын қосып санасаңда жетпейтін жағдайға жетті. Мой Мир секілді жалпы әлеуметтік желілер немесе блогтар желісі, микроблогтар, тек қана видео немесе суреттерді жүктеуге арналған белгілі бағыттағы , тақырыптық әлеуметтік желі бар. Мысалы, ретінде әлеуметтік видео желіге youtube-ті айтсақ, блогтар желісіне wordpress, ал микроблоггинг мысалына twitter. Сонымен әлем бойынша рейтингі ең жоғары әлеуметтік желіні атап өтейін.*
- **Тіркелудің түрлері ?**
- *Әр желінің өзінді тіркелу шарттары бар. Мысалы: МойМир желінің тіркелуі тұратын жерің, қалаң, ауылың тіпті мектебіңе дейін сұрайды. Мұны біз жәй тіркелу үшін деп қоямыз, мүмкін бұның астарында не жатқанын кім білсін. Ал Facebook желісіне өзің туралы, бойың, салмағың, жұмыс орның, бойың, салмағың, жұмыс орның. Үйленгенсің бе? Қанша балаң бар? Ұзын саны 25 сұраққа жауап бересің. Бір қызығы енді, сенімен осы сайтта дос болған барлық адам сенің өмір баянымен, хоббиіңмен таныс болады. Яғни өзіңді-өзің*

басқаның қолына байлап бердің, деген сөз. Кімнің қолына? Бір дерек естігенбіз. Бұл әлеуметтік желілер ФБР және ФСБ секілді барлау қызметтерінің жобасы деп.

- **Әлеуметтік желінің денсаулыққа қандай зияны бар?**
- Facebook ресми веб парақшасы әлеуметтік желілерді шектен тыс падалану денсаулыққа зиян деп жарияланды. Мамандар Facebook сияқты әлеуметтік желіде күн-түн демей онлайнда отыратындардың шынайы өмірдегі адамдармен қарым-қатынас деңгейі төмендейді. Деп дабыл қағып отыр.
- Әлеуметтанушылар мен психологтар “Facebook сияқты әлеуметтік желілер тез әрі оңай қарым-қатынас жасау жолы ретінде көрінеді де, көз алдағы ақпараттар толқыны сізді жұтып кете береді. Бірақ, ол сіздің өміріңіз емес. Ол сіздің уақытыңызды өлтірумен қатар, шынайы өмірдегі достарыңызбен ара қатынасыңызды алшақтатады әрі шынайы өміріңіздегі нақты барыс-келістерге немқұрайлылықпен қарай бастайтын боласыз” деп отыр.

IV. Қорытынды:

Қысқаша тест жұмысы:

1. Әлеуметтік желі дегеніміз не?

- a) адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамсыз ететін интернет сайт
- b) адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы
- c) интернеттегі сайт
- d) фото-альбомдарымызды көрсететін сайт
- e) Интернет ресурс

2. Әлеуметтік желі не үшін керек?

- a) селбесіп, араласып-құраласып өмір сүру үшін.
- b) адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы

- c) Ермек қылу үшін
- d) Керек затты алу үшін
- e) Медия файлдар көру үшін

3. Әлеуметтік желінің қанша түрі бар?

- a) Нақты саны жоқ
- b) 3 түрі
- c) Youtube, vk, mail.ru
- d) Бетпе-бет
- e) 8 түрі

4. Facebook әлеуметтік желісінде неше адам тіркелген?

- a) шамамен 640 млн адам
- b) 55 адам
- c) 1 млрд адам
- d) 11 млрд адам
- e) 15 млн адам

5. Twitter әлеуметтік желісі құрылған уақыты

- a) Құрылған жылы 2006 шілде айы
- b) Құрылған жылы 2013.12.1
- c) Құрылған жылы 2000.06.2
- d) Құрылған жылы 1998.11.28
- e) Құрылған жылы 2011.8.12

Қауіпсіз интернет

